

ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ**Акишев А.Н.**, магистрант(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент **Қарсыбаева Ж.А.**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ. Қазақстан

XXғ. басында отарлық жағдайда тұрған өзге де ұлттар отарлаушы империяның күшті құрылымына қарсы тұра алу үшін -«күш қолданбай қарсыласу», «өзін-өзі күшейту», бейбіт шеру, байкот жариялау сияқты әдістер қолдана бастады. Халықты қырғынға ұшырататын көтеріліс түріндегі қарулы әдіс өзін-өзі ақтамады. Ұлттық мүмкіндіктерді ортақ мақсаттарға жұмылдыра алатын, жаңа күрес тәсілдерін тиімді пайдалана алатын элеуметтік күш- ұлт зиялылары еді. Олар XXғ. басында жаңа күрес әдістерін –ұлттық құндылықтарды қорғау тұрғысынан халық ағарту ісін алға тартып, газет-журнал, кітап басып шығаруды қолға алды. 1902 жылы бейбіт күрес ретінде, жазбаша түрде талап ету – петиция әдісі қолданыла бастады.

1905 жылы Семей облысы, Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде атақты «Қарқаралы петициясы» дүниеге келді. Оны Ә.Бөкейханов [1], М.Дулатов [2], А.Байтұрсынов [3], Ж.Ақпаев [4] сияқты зиялылар ұйымдастырды. Оған 14,5 мың адам қол қойды.Отаршыл өкімет билігінің атына жолданған көлемді және мазмұнды петициялардың бірі болды.

1905 жылдың маусым айында Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды (Ботов) жәрмеңкесінде қазақ халқының атынан император II Николайға арналған петиция ұйымдастырылды. Оған Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінен халық арасында кеңінен танымал беделді 42 қазақ қол қойды. Содан кейін оған Семей және Ақмола облыстарының басқа да уездеріндегі қазақтары қосылды. Петиция Қарқаралы қаласынан жіберілген болатын. Ол жерден 1905 жылғы 22 шілде күні жергілікті пошта-телеграф арқылы патшаның өз атына жолданады.

Тізімге қарасақ, Қарқаралы уезіне қарайтын 21 болыстың әрқайсысынан 2-3-тен ел ағалары қол қойған. Олар мыналар:

Ақсары болысынан - Балсейіт Матаев және Мұхаметәзи Төлеубаев.

Кент болысынан - Кәрібай Матаев және Тоқтарбай Жандыбаев.

Ку болысынан - Мұсатай Тәттімбетов және Мақат Ақаев, ал Мақат - атақты Ақаев Қасеннің ағасы, Ахмет Байтұрсыновтармен бастас болған қайраткер.-З.Т.).

Едірей болысынан - Омар Қондыбаев.

Темірші болысынан - Секербай Қанғожин және Оспан Жанқабылов.

Берікқара болысынан - Ақбай Жандеркин, Сүйгенбай Мейіржанов және Өскенбай Бөгембаев.

Нұра болысынан - Арыстанбек Дәулетов.

Ақбота болысынан - Жүсіп Құлбатыров және Бектібай Ботабаев.

Дегелең болысынан - Керімхан Төлебаев және Тышқанбай Қашақов.

Дағандалы болысынан – Демесін Мейіржанов және Жолжан Байкөбин.

Балқаш болысынан - Нарманбет Орманбетов және Тұрсынбек Жантоқин.

Сарыбұлақ болысынан - Аралбай Сұлтанов және Жүсіп Нақыпов.

Сарытау болысынан Жүнісқали Аяғанов және Жүнісбек Жолдыөзекөв.

Қотанбұлақ болысынан – Құдайберді Байбөрин және Игілік Жанқожин.

Қызылтау болысынан - Тоқбай Тоқсабаев.

Мойынты болысынан - Жұмабек Құлашев және Тасыбек Бакин.

Ақшатау болысынан, Жүсіп Бейсембин және Жуасбай Тасболатов.

Бөрілі болысынан - Төлмұхамет Алтынтөрин және Рақия Сәтбаев.

Тоқырауын болысынан- Ахмет Бекбергенов және Тоқымет Күреңшин.

Шұбартау болысынан - Мұса Құлбаев және Сүлеймен Қойсоймасов.

Бұларға қоса Едірей болысынан Қақабай Алшынбаев және Нұра болысынан Қалиолла Дүйсенбаев қол қойды деп жазылған [5].

Қарқаралы петициясында өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, қазақ тілінде азаматтық және сот ісін жүргізуді заң жүзінде бекіту, отарлық аппараттың шенеуніктерін қысқарту, биліктің жоғары органдары мен Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын сайлауға қатысу туралы талаптар қойылды. Мұндай жолдар бар еді:

Нәліктен қырғыздар мал жаю үшін сайлау құқығынан айырылуы керек? Сауда, егіншілік, балық аулау және басқа да кәсіп түрлерімен айналысатындар сайлау құқығынан айырып отырған жоқ қой!

Қарқаралы петициясында сондай-ақ жергілікті халықтың құқықтары мен ар-намысына нұқсан келтірмеуге, халықты ана тілінде оқытуды ұйымдастыруға, қоныстандыру саясатын тоқтатуға, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтаруға қатысты талаптар қойылды.

Шенеуніктер жоғары билік орындарына талаптар айтып, петиция жолдаушыларды барынша жек көрді. Мұны Семей облысы әскери губернаторының Дала генерал-губернаторының атына 1905 жылғы 19 маусымда жазған хатынан аңғаруға болады: қырғыздар петиция жолдап, талап қоюларына жол беруге болмайды деп жазған еді.

Қарқаралы петициясының мәтіні орыс патшасының атына ғана жолданған жоқ. Петицияның көшірмелері сонымен қатар "Сын Отечества" және "Русские ведомости" сияқты орталық газеттерде жариялау үшін жіберілді.

1905 жылғы 22 шілде күні петицияның бір нұсқасын Темірғалы Нұрекенов орыс тіліне аударып, Ішкі істер министрінің атына жіберді. Петицияның бұл нұсқасы барынша толық еді. Ол 47 тармақтан тұратын. Петицияның мазмұны қазақ қоғамының XX ғасырдың бас кезіндегі өмірлік маңызы бар күрделі мәселелерін толық қамтыды.

Петициялық қозғалыстың тарихи маңызына келсек, патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүрлі болды. Петициялардың мәтінін жазғандар батылдық пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Бірақ патша үкіметі петицияларда қойылған талаптарды орындауға құлық таныта қойған жоқ. Ол талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатына сай келмейтін еді. Солай бола тұрса да петициялық қозғалыс жағымды рөлін атқарды қазақтар Ресейдің I, II Мемлекеттік Думаларына депутат болып сайланды. Халық бұқарасына басшылық етуде, отаршыл билік орындарына ұйымдасқан түрде петициялар жолдаудың басы-қасында қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері ерекше белсенділік көрсетті.

Петиция қозғалысының тарихи маңызына келетін болсақ, патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Петиция мәтінін жазғандар батылдық пен бірліктің үлгісін көрсетті. Бірақ патша үкіметі өтініштердегі талаптарды орындауға батылдық таныта қойған жоқ. Бұл талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатына сәйкес келмейді. Дегенмен, өтініш қозғалысы оң рөл атқарды.

Солай бола тұрса да петициялық қозғалыс жағымды рөлін атқарды қазақтар Ресейдің I, II Мемлекеттік Думаларына депутат болып сайланды. Халық бұқарасына басшылық етуде, отаршыл билік орындарына ұйымдасқан түрде петициялар жолдаудың басы-қасында қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері ерекше белсенділік көрсетті.

Көрнекті ғалым Санжар Асфендияров «История Казахстана с древнейших времен» деген еңбегінде бірінші орыс революциясының әсерінен қазақ даласында отаршылдыққа қарсы наразылық бой көтерудің көрініс ретінде дүниеге келген бұл петиция туралы білген. Бірақ, өз кезіндегі идеология ықпалынан шыға алмай, бұл қозғалыстарға біржақты, тіпті салғырт баға береді. Мысалы, осы кітаптың 271-бетінде былай деп жазады: «...Қазақ газеттері шыға бастайды, қоғам қайраткерлерінің, «құрметті адамдардың», яғни, билер мен ақсақалдардың съездері жиналады. Көптеген съездер (Қарқаралы, Орал, т.б.) дәл сол «құрметті адамдар» мен интеллигенцияның съездері еді. Жиындарда үкімет атына петициялар мен тілек-өтініштер қабылданды. Әсіресе, отарлау саясатына көп орын берілді, өйткені қоныс аудару белгілі дәрежеде қазақ қоғамының барлық қабаттарына залал келтірді» [6, 271 б.].

Ал, екінші бір ірі қайраткер Тұрар Рысқұлов осы мәселе жөнінде: «1905 жылғы манифестке байланысты қазақтар арасында митингілер өткізілді, дін және жер тақырыбына петициялар жазылды...» [7] деп, - көрсетеді. Яғни, көтерілген мәселелер «Дін және жер» тақырыбы аясында шектеліп қалған деп білген. Бұған да коммунистік идеологияның зардабы тиген.

Ресейде 1905 жылы бірінші орыс революциясы басталып, жұмысшы-шаруалардың бас көтеруі болып жатқан кездерде қазақ халқы да елдің тұрмыс-тіршілігіне, ауыр жағдайына, жүргізіліп отырған қоныстандыру саясатының озбырлығына, жердің талан-таражға салынып бара жатқандығына ашық наразылықтарын білдіріп, патша өкіметіне бірнеше хаттар, арыздар, шағымдар жазған болатынды. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – Семей облысындағы Қарқаралы, Семей, Павлодар уезі қазақтарының Петербургке жіберген петициясы. Шындығында бұл жалғыз ғана петиция болмады. Белгілі ғалым З.Тайшыбайдың анықтауы бойынша өзінше бөлек, дербес мазмұндағы бірнеше құжат. Олар жекелеп: Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, Ішкі істер министріне жолданған. Петицияны дайындап, халық өкілдеріне қол қойғызғандарының ішінде Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов, А.Аяғанов болған [8].

Қалың бұқараның басында, соның ішінде билік атына жазбаша өтініштерді ұйымдасқан түрде беру мәселесінде жалпыұлттық көшбасшы А.Бөкейхан бастаған Қазақ ұлттық интеллигенциясының

неғұрлым сауатты және озық бөлігі тұрды. Атап айтқанда, Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейхан патшаның тіл, дін, жергілікті халықтың салт-дәстүрін білмейтін шенеуніктердің шынайы бет-әлпеті туралы қатаң пікір білдірді:

«Ресейдің басқа шет аймақтарындағыдай, Қырғыз даласында да орыс саясаты жүргізілуде... мұндағы шенеуніктер білім беру цензімен де, жергілікті жағдайлар туралы білімімен де жарқырамайды. Орыс саясатының әдеттегі серіктері-халықтың ғибадатханасын құрайтын барлық нәрсенің дәрежелілігі, озбырлығы, негізсіз трестері дала аймақтарында билеушілердің халықтың тілін білмейтіндігімен және аудармашылар арқылы қарым-қатынас жасауымен, сондай-ақ кез-келген білім беру цензінен айырылуымен күрделене түседі. Ең епті аудармашылар уездік немесе шаруа бастығының шексіз билігін өз қолына алады және өз уезінің немесе учаскесінің нағыз диктаторлары болып табылады. Уездік немесе шаруа бастығы лауазымына қызмет атқарған бұрынғы Армия офицерлері немесе тіпті орта мектепті бітірмеген, кездейсоқ қырғыз билеушілеріне түскен әр түрлі жеңілгендер ғана емес, тіпті тергеуші мен судья да аудармашылардың қолында ойыншық болады. Қырғыз тілі аудармашыларының штаттық лауазымдарын (1905 ж. 17 қазанға дейін) қырғыз ісін жүргізетін мекемелерде қырғыз тілін де, қырғыз грамотасын да білмейтін орыстар атқарды. Дала генерал-губернаторы кеңесінің аға іс жүргізушісі осы жолдарды жазып отырған адамға: "қырғыздардың өздері бізге дейін көтерілуі тиіс; біз олардың тілін үйренуге міндетті емеспіз!». Тіпті түкіру кезінде шаруа басшылары қырғыз тілінде өтініштерді қабылдамады, тек Бостандық күндері бұған нүкте қойды. Дала облыстарында, тіпті болыс басқармасының кеңесінде барлық хат алмасу мен іс жүргізу орыс тілінде жүргізіледі. Жоғарыда келтірілген халық сөздерінен көрініп тұрғандай, қырғыздар Қасқыр шенеуніктерімен (Қасқыр малшының басты жауы ретінде) тек орыс үкіметін ғана емес, сонымен бірге барлық орыстарды да анықтайды ... екінші жағынан, орыстардың далаға үнемі өсіп келе жатқан қоныс аударуы, қырғыздар мен қоныс аударушылар арасындағы жер үшін күрес және осы күрес жүріп жатқан өрескел формалар заңсыздық негізінде қалыптасқан ұлттық антагонизмді тереңдетеді және күшейтеді» [9].

Қазақтар өз жолдауында ішкі істер министрінен 1868 жылғы әкімшілік реформалар енгізілгенге дейінгі қазақтарды Орынбор Рухани жиналысына бағындыруды, оларға мешіттер мен медреселер салуға, газеттер мен кітаптар, оның ішінде діни кітаптар шығару үшін баспаханалар ашуға еркін рұқсат беруді сұрады. Меккеге еркін қажылық жасауды, православ миссионерлерінің қазақ ауылдарына баруына тыйым салуды, қазақтардың басқа дінге көшуіне тыйым салуды талап етті. Сонымен қоса, басқа конфессиялардан исламға кедергісіз қайта көшу қисынды деп саналды. Медреседе араб, парсы және түрік тілдерін оқытуға, ескірген мешіттер мен медреселерді жөндеуге немесе далада жаңа мешіттер мен медреселер салуға рұқсат сұрады. Әрбір болыста жиналған соманы кедей отбасылардан шыққан оқушыларға стипендия үшін пайдаланатын діни салықтарды (зекет, бітір және т.б.) жинауға тиісті арнайы жинаушыларды тағайындау ұсынылды. Өтініште мұсылман мектептерінде міндетті түрде оқыту ұсынылды, содан кейін ғана "орыс сауаттылығы" оқылды, бірақ христиан дінін оқытуға тыйым салынды.

Қазақ өкілдері "қырғыз халқының бастықтарының қырғыз тілін білуіне" тырысты. Петицияның прогрессивтік тармақтарының бірі ретінде іс жүргізуді қазақ тілінде енгізу туралы ұсынысты атап өтуге болады.

Мысалы, тергеу аудармашысыз жүзеге асырылған және барлық хатшылар, хабаршылар мен карауылдар қазақтардың қатарынан болуға тиіс болған.

Дала тұрғындары дала еңбеккерлерін сотсыз және тергеусіз әкімшілік жолмен жер аудару мәселесі бойынша ашық наразылық білдірді. Белгілі болғандай, Дала өлкесінің генерал-губернаторы қазақтарды бір күдікпен ғана шақыруға мүмкіндік алды. Ажырасу істерін әскери губернаторлар мен уездік бастықтардан алып тастауды сұрады. Кісі өлтіру кезінде заңды жазамен қатар құнның төлемін бұрынғы қазақ әдет-ғұрыптарына сәйкес қалдыру керек. Аудандық сотта алқабилер болуы керек, ал айыпталушылар қорғаушылар болу құқығына ие болады. Петицияны құрастырушылар билер сотын XIX ғасырдың 60-90-шы жылдарындағы әкімшілік реформаларды жүргізу кезінде жергілікті отаршылдық билікке емес, Әділет министрлігіне бағындыру қажет деп санады.

XX ғасырдың басында жер мәселесі айтарлықтай шиеленісе түсті. Сондықтан өтініште бұл мәселеге ерекше назар аударылды. Біріншіден, өтініш авторлары 10 шақырымдық кеңістікті, сондай-ақ кеңсе жерлерін қайтаруды талап етті. Соңғы 20 жыл ішінде қазақтардан іріктеп алынған жерлер оның бұрынғы иелеріне қайтарылуы тиіс еді. Ал қазақ көшпелілері ауданындағы бос жерлерді тек Кавказ бен Ресейден қоныс аударушы мұсылмандарға беру, ал қысқы және жазғы тұрақтарды заңды қожайындардың өздерінің қарамағында қалдыру ұсынылды.

Петицияда қазақтардың орманды пайдалануға рұқсат беруіне, көшпелі аудандардағы тұзды және балық көлдерін қазақтарға пайдалануға беруіне байланысты талаптар да қамтылған. Бұл көлдерді жергілікті тұрғындардан сенім білдірілген және уәкілеттік берілген адамдар арқылы жалға беру қарастырылған, ал жалға беруден түскен ақшаны азық-түлік қорларын жинау үшін пайдалануға болатын депозиттерге жинау керек еді.

Өнеркәсіп ісінде қазақтар өздерінің тау – кен ісімен айналысуына, сондай-ақ өз зауыттарын ашуына, ал олардың өздері тау-кен істерімен айналысқысы келмеген жағдайда-пайдалы қазбалар орналасқан өз жерлерін жалға беруге рұқсат беруін сұрады.

Қазақ сенімді өкілдері қазақтардан Ресей империясының кез келген аймағында жылжымайтын мүлікті сатып алу құқығын өлкенің басқа тұрғындарымен теңестіруді сұрады және мемлекеттік қызметті қандай да бір шектеусіз еркін атқаруға үміт білдірді.

Осылайша, петиция, оның ішінде Қарқаралы петициясы ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси өміріндегі маңызды сәттердің бірі болды. Онда қазақ қоғамының ең өзекті мәселелері: тіл, дін, білім, шаруалардың қоныс аудару мәселелері, іс қағаздарын жүргізу және т.б. шоғырланған түрде айтылды. Бұл сонымен бірге патша автократиясының отарлық әрекеті кезінде халықтың бұзылған құқықтарын қорғауға деген шешімін дәлелдеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Букейханов А. «Киргизы» (Формы национального движения в современных государствах). Под. ред. А.И.Костянского, Петербург, 1910, С.577-600.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Білім, 2008. – Т.2.-512 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Ақбаев Ж. Қазақтың әдет құқы, оның ішінде неке құқы туралы жазбалар [Мәтін] / Ж. Ақбаев // Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. – Алматы : Жеті жарғы, 1997. – Б. 81-86.
5. Abai.kz интернет желісі
6. Санжар Асфендияров «История Казахстана с древнейших времен» (Алматы, 1993)
7. Рыскулов Т. Избранные труды, Алма-Ата, 1984. С.150
8. Тайшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат. Ақиқат журналы. 2003. №7.
9. Бөкейханов Ә.Н. Қазақтар: тарихи-этнографиялық еңбектер (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 14-ші том). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006, - 304 б.-стр 19-22.

АЛАШ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Айтқожина Ш.М., магистрант

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау қ., Қазақстан

Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер. Олар өз жырларында барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астына бірігуге шақырған. Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр дегенде, олардың осы тақырыптар төңірегіндегі ойларының қазірде де өміршең екендігін аңғаруға болады. Осы идеяның сарынының бүгінгі күнде де исі аңқып тұрғаны белгілі. Қазіргі таңда жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы болып табылатын Мәңгілік Ел ұлттық идеясы ата-бабаларымыздың сан жылдардан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терзесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман –тұрмысы байқуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Міне, осы идея алаш әдебиетшілерінің де туындыларына арқау болған. Алаш зиялылары тәуелсіз мемлекет құрып, халқын бір кездерде уысынан шығарып алған азаттыққа жеткізуді армандады, сол үшін аянбай күресті. Тәуелсіздік идеясы қазақ халқының да ХVIII ғасырдан бастап көкейкесті мәселелерінің бірі болды. Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болған халықтың тәуелсіздік уақыт өте келе қол жетпес арманына айналды. Сол үшін де халық талай ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістерге шығып, батырлары, ел қамын ойлаған азаматтары тәуелсіздік жолында өз өмірлерін құрбан етті.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған қазақ ішіндегі күрес-тартыстардың басында болған қайраткерлер халқын орыс езгісінен азат етуді көздеді. Олар елін отарлаудан құтқарып, ашық түрде күреске бастады. «Олардың алға қойған мақсаттарының бірі – жер мәселесі еді. Бұл қазақ қоғамында